



АШЫҚТЫҚ ЗАҢСЫЗДЫҚТАН САҚТАЙДЫ

Базел басқару институтының «Basel AML Index» деп аталатын жылыстатуға қарсы әлем елдерінің рейтингі жарық көрді. Ол БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және қылмыстық сот төрелігі саласындағы бағдарламасының қолдауымен 2012 жылдан бері дәстүрлі түрде жыл сайын жасалып келе жатыр. Ондағы мәліметтер Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, ИНТЕРПОЛ, Бүкіләлемдік экономикалық форум, Transparency International сияқты беделді халықаралық ұйымдардың есептерінде қолданылады.

Бұл рейтингтің тағы бір басты ерекшелігі, онда әрбір елдің жемқорлық пен қылмыстық әрекеттер деңгейі емес заңсыз кірісті заңдастыруға және лаңкестікті қажыландыруға қарсы әрекеті бес бағыттағы көрсеткіштер арқылы өлшеніп, тәуекел көлемі бағаланады. Атап айтқанда көрсеткіштердің 65 пайызы қаржыны жылыстату мен лаңкестікті қажыландыруға қарсы әрекет жүйесінің сапасына қатысты. Ал жемқорлық пен парақорлық тәуекелдері, қаржылық ашықтық пен стандарттар, саяси және құқықтық тәуекелдердің үлестері 10 пайыздан болса, қоғамдық ашықтық пен есептіліктің үлесі 5 пайызды құрайды.


ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі FATF халықаралық стандарттарына сәйкес келу үшін ұлттық жылыстату жүйесін нығайту жұмысын жүргізуде. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және лаңкестікті қажыландыруға қарсы іс-қимыл саласында, сондай-ақ Қазақстан заңнамасында құзырына жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша бастылықты жүзеге асыратын бұл мемлекеттік орган ҚР Президентіне тікелей бағынады және есеп береді. Оның жұмысы былтырғы «Basel Anti-MoneyLaundering Index»-тің желтоқсан айында жарияланған рейтингінде оң бағаланды.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕМҚОРЛАРДЫҢ ШЕКАРАДАН ШЫҒУЫН ШЕКТЕУ КЕРЕК



Сыбайлас жемқорлық қылмысымен ұсталғандардың шет елге шығуына тыйым салу керек. Біздің елімізде олар небары 8 жылға бас бостандығынан айырылуға кесілгенімен, 2 жылда босап шығады да, ары қарай шетелге қоныс аударады. Жемқорлықпен иеленген мүлкін, қаржысын алып кетуге де еш кедергі жоқ. Егер бұған тыйым салынып, олар шетелге шығу мүмкіндігінен айырылса, жымқырған қаржысын елде жұмсауға мәжбүр болар еді. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Азат Перуашев осылай деп мәлімдеді.

СҰХБАТ

Естай КУЛДИБАЕВ, тарих ғылымдарының кандидаты:

АТҚАРУШЫ БИЛІК ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Қазіргі заман талаптарына сай азаматтық қоғамы дамымаған елдің уақыт сұранысына сәйкес ілгерілеуі қиын. Бүгінгі тәуелсіздіктің берік іргетасы – тек қазба байлықтары емес, саналы азаматтық қоғамды қалыптастыруда жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл туралы өз жолдауында: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайтуымыз керек. Сонымен қатар, аса маңызды мемлекеттік міндеттерді шешу барысында талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет», – деп атап өткен еді. Президенттің бұл сөзі азаматтық қоғамның мемлекет пен халық арасындағы өзара ықпалдастықты арттырып, белсенді азаматтардың заң аясында бірігіп жұмыс істеуінің маңыздылығын көрсетеді. Белсенді азаматтық қоғам адам капиталының артуына, әлеуметтік-экономикалық дамуға, сондай-ақ демократиялық құндылықтардың орнығуына негіз болады. Сонымен қатар, азаматтық қоғам тек мемлекеттің бастамаларын қолдаумен ғана шектелмей, қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық көтеріп, оларды шешуде белсенділік танытуы тиіс. Бұл үдеріс азаматтардың құқықтық сауатын арттыруды, олардың қоғамдық өмірге қатысуын ынталандыруды және әлеуметтік жауапкершілікті күшейтуді қажет етеді. Азаматтық қоғам – бұл әрбір азаматтың ерікті түрде өз мәселелерін шешуге, әлеуметтік дамуға үлес қосуы. Мысалы, экологияны қорғау, әлеуметтік әділеттілік орнату, білім беру сапасын арттыру сияқты салаларда азаматтық белсенділіктің рөлі айрықша. Осындай бастамалар арқылы азаматтық қоғам мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтып, дамудың басты құралына айналады.

Осы тақырып аясында біз тарих ғылымдарының кандидаты, академия доценті Кулдибаев Естаймен сұхбаттасқан едік. Сұхбат барысында Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуы, оның мемлекетпен қарым-қатынасы жайындағы өзекті мәселелері талқыланды. Мамандардың пікірінше, азаматтық қоғамды дамыту елдің тұрақтылығы мен демократиялық құндылықтарының нығаюына негіз болады.

(Жалғасы 5-бетте)

– Қазақстандағы азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдармен қарым-қатынасын қалай бағалайсыз? Бұл қатынасты қалай жақсартуға болады?

– Бұл сұраққа жауап бермес бұрын осы азаматтық қоғамға тоқталып өтуді жөн санадым. Жалпы айтқанда Азаматтық қоғамды құруға бірнеше фактор ықпал етеді, олардың қатарына азаматтық, әлеуметтік және саяси құқықтарды мойындау, түрлі салалар бойынша ұйымдар, қауымдастықтар құру, бұқаралық ақпарат құралдарының еркін әрі көп пікірде жұмыс істеуі, саяси партияларды қажыландыру, орта тапты қалыптастыруда шағын бизнесті дамыту үшін қайырымдылық мекемелерінің заңдастырылуы, өзін-өзі басқаруды негізгі институттарға беру жатады. Азаматтық қоғамсыз демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, зайырлы мемлекеттің өмір сүруі мүмкін емес, сондай-ақ, азаматтардың құқықтары, еркіндіктері және заңдық мүдделері қорғалмайды.

4-бет



Электрондық сауда үлесі бойынша үздік ондықтамыз

6-бет



Қаржы нарығын реттеу: банктерге қойылатын талап өзгере ме?

8-бет



...Жар астында

ПАЙЫМ

Мемлекет басшысы судьялардың IX съезінде еліміздің сот саласын кешенді реформалау ісіндегі қол жеткізген негізгі жетістіктерге тоқтала отырып, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке-жеке кассациялық сот құруды қарастыратын заңға қол қойғанын, кассациялық соттардың кадрлық құрамы тәжірибелі судьялардан жасақталуы керектігін айтқан.

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Президент «Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады», – деген еді.

Елімізде биыл 1 шілдеден бастап кассациялық сот өз қызметіне кіріспек, яғни, Астана қаласында азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша үш жеке кассациялық сот институты құрылады. Бүгінгі таңда мемлекетімізде дәл осы бағытта қажетті дайындық жұмыстары жүргізілу үстінде.

Кассациялық сот алқасы бұған дейін өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қараумен шектелген еді. Соның салдарынан қылмыстық және азаматтық істердің 5 пайызы ғана кассацияға жолданатын. Мәселен, қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша; сот талқылауы барысында

шығарылған, процеске қатысушылардың дәлелдемелерін, өтінішхаттарын зерттеу тәртібі мен тәсіліне, сот отырысының залында тәртіп сақтауға қатысты, мемлекеттік және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты мәселелер бойынша, үкімді орындауға байланысты мәселелер бойынша және тергеу судьясы шығарған сот актілері кассациялық тәртіпте қарауға жатпайтын.

Одан бөлек, Азаматтық процесілік кодексіне сай оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған, татуластыру рәсімдерімен аяқталған, талап қою сомасы 2000 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлғалардың ісі, 30 000 АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүлкітік мүдделеріне қатысты істер кассацияда қаралмайтын. Адамдардың барлығы заң алдында бірдей, тең құқылы екенін ескерсек, жоғарда аталған мұндай шектеулер азаматтардың конституциялық құқықтарын қолдануға өз кедергісін келтірді. Сондықтан, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек.

Тәжірибеге енгелі отырған кассациялық сот істер мен материалдарды кассациялық сатыдағы сот ретінде қарап, сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақталу мәселелері мен заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады. Одан бөлек, бірыңғай кассациялық тәртіп заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауын, алдын ала қарауды болмауын, 6 ай шегінде ақылға қонымды мерзімдер белгілеуін, істерді мәні бойынша үш судья құрамында қарауды қамтиды.

Осы орайда, кассациялық сот судьяларының заңгерлік өтілі кемінде 18 жыл, ал судьялық өтілі кемінде 8 жыл болуы шарт болса, төрағалар үшін судьялық өтілдің кемінде 10 жыл болуы, оның ішінде облыстық соттың судьясы лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмауы тиіс екенін атап өткен жөн. Себебі, маңызды міндет жүктелгелі отырған судьялардың кәсіби шеберлігіне көптің күмәні болмауы тиіс. Еліміздің сот жүйесін жаңғыртуға бағытталған жаңа инстанция – сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етіп, Қазақстанның құқықтық жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатады деген сенімдемін.

Дәурен УТЕБАЛИЕВ,
Маңғыстау аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

СОТ САТЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ КҮШЕЙДІ

2024 жылғы 5 шілдеде Мемлекет басшысы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша дербес кассациялық соттар құруды көздейтін «кейбір конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Осыған байланысты сот ісін жүргізудің барлық түрлері бойынша кассациялық сотқа жүгінудің және сот актілерін қайта қараудың бірыңғай қағидаларын енгізу ұсынылады.



Сот істері кассациялық соттарға алдын ала қараусыз үш судьядан тұратын алқаға тікелей түседі. Бұл ретте кассациялық соттың істерді қарау мерзімі алты айдан аспайтын болады. Сот процесі тараптарды шақыра отырып, ауызша жүргізіледі.

Азаматтық істер бойынша талап қою сомасы 200 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30000 АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүлкітік мүдделеріне байланысты даулар бойынша шектеулер алынып тасталады. Азаматтар сот актілерін қайта қарау туралы өтініш емес, кассациялық шағым береді. Әкімшілік істер бойынша сот актілері апелляциялық шағымданғаннан кейін заңды күшіне енеді. Бұдан басқа, әкімшілік істерде талап қоюшының таңдауы бойынша ау-

мақтан тыс соттылық енгізіледі. Тәуелсіз кассациялық соттардың құрылуымен Жоғарғы Соттың рөлі де өзгереді, ол сот практикасын зерттеуге және жалпылауға, және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелеріне назар аударады.

Сот актілерін қайта қарау Жоғарғы Сот судьясының ұсынуы бойынша немесе Бас Прокурордың наразылығы бойынша ерекше жағдайларда Жоғарғы Сотта мүмкін болады. Мұндай жағдайларға мыналар жатады:

- сот практикасының біркелкілігін бұзу;
- мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделер әсер еткенде;
- қабылданған сот актілері белгісіз адамдардың құқықтарын бұзған кезде немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына ауыр және қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін болғанда.

Дербес кассациялық соттарды құру сот төрелігін іске асыру сапасын жақсартуға, сот сатыларының әрқайсысының жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді, бұл соттарға деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

Д. МАҚСҰТОВ,
Әлихан Бөкейхан
ауданының төрағасы
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

САРАП

ЕҢБЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДАУЛАРДЫҢ ЕСКІРУ МЕРЗІМІ ҚАЛАЙ АЖЫРАТЫЛАДЫ?

Ескіру мерзімі – құқығы бұзылған адамның өз мүддесін қорғау үшін заңда белгіленген мерзімде сотқа жүгіну мүмкіндігі бар. Еңбек қатынастарында бұл терминдердің еңбек дауларын қарау кезінде ескерілуі тиіс өзіндік ерекше белгілері бар.



Талап қою мерзімі туралы жалпы ережелер Азаматтық кодекстің 180-бабымен реттеледі. Бұл кодекске сәйкес жалпы талап қою мерзімі – үш жыл. Алайда талаптардың жекелеген санаттары үшін заңнамада арнайы мерзімдер белгіленуі мүмкін.

Бір қарағанда, талап қою мерзімін есептеу процесі мүлде күрделі емес сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, дауларды қарау кезінде адамның өз құқықтарының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс сәтін ғана емес, сонымен бірге осы кезеңдердің тоқтатылуы мен үзілуіне әсер ететін мән-жайларды да ескеру қажет.

Еңбек қатынастарында Еңбек кодексінде белгіленген талап қоюдың ерекше ескіру мерзімі, ережелері қолданылады. Келісу комиссиясына немесе жеке еңбек дауларын қарау үшін сотқа жүгіну үшін мынадай мерзімдер көзделген:

Жұмыс істеуді қалпына келтіру туралы даулар бойынша келісім комиссиясы жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу туралы актісінің көшірмесін алған күннен бастап іс бір айда қаралады. Сотқа жүгінуге – келісу комиссиясы шешімінің көшірмесін тапсырған немесе жіберген күннен бастап екі ай ішінде шешілмеген даулар жатады.

Өзге еңбек даулары бойынша қызметкер, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған немесе жұмыс беруші оның құқықтарының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған сәттен бастап бір жыл. Жеке еңбек дауларын қарауға апелляциялық шағым беру мерзімі

қаралатын дау бойынша медиациялық келісімнің қолданылу мерзімі ішінде, сондай-ақ бітімгершілік комиссиясы болмаған жағдайда ол құрылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Апелляциялық шағым берудің белгіленген мерзімі дәлелді себептермен өткізілсе, еңбек даулары жөніндегі келісім комиссиясы бұл мерзімді қалпына келтіруге және дауды мәні бойынша шешуге құқылы. Келісім комиссиясы қызметкердің белгіленген мерзімде комиссияға хабарласпау себебінің негізділігін өз бетінше анықтайды.

Басқа еңбек даулары бойынша қызметкер өз құқықтарының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл. Соттар тұрғын үй заңнамасына сәйкес төленген төлемдерге байланысты дауларды жиі қарайды. Бұл төлемдер тұрғын үй төлемдері төленуге жататын еңбек қызметінен туындайтынына қарамастан, осы санаттағы істерді қарау кезінде жалпы белгіленген талап қою мерзімін қолдану қажет.

Қазақстан Республикасы АЖК-нің 172-бабының 6-бөлігіне сәйкес, талап қою мерзімін немесе сотқа талап қою мерзімін дәлелді себептерсіз өткізіп алған жағдайда, судья басқа талаптарды зерттемей, талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Мерзімді өткізіп алу фактісі талапкердің өткізілген мерзімді қалпына келтіру туралы өтініші немесе жауапкердің талап қою мерзімін қолдану туралы өтініші негізінде анықталады. Бұл баптың мағына-

сынан шығатыны, сот тараптардың арызынсыз талап қою мерзімдерін қолдануға құқылы емес, ал мұндай арыз келмесе, сот істі мәні бойынша қарайды.

Әкімшілік-процестік кодексінде, атап айтқанда 136-бабында талап қоюдың өзге де мерзімдері белгіленген. Дау айту, мәжбүрлеу туралы шағымды қарау нәтижелері бойынша шағымды қарайтын органың шешімін алған күннен бастап бір ай ішінде сотқа талап арыз беріледі. Егер заңда сотқа дейінгі іс жүргізу көзделмесе немесе шағымды қарайтын орган болмаса, талап әкімшілік актіні тапсырған күннен бастап немесе осы кодексте белгіленген тәртіппен хабардар етілген күннен бастап бір ай ішінде беріледі.

Іс-әрекет жасау туралы талап арыз сотқа іс-әрекеттің жасалғаны туралы белгілі болған күннен бастап, сондай-ақ Қазақстан заңнамасында іс-әрекет жасау үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін бір ай ішінде беріледі. Содан кейін әрекет мерзімі аяқталады.

Тану туралы талап тиісті құқықтық қатынас пайда болған күннен бастап бес жыл ішінде сотқа берілуі тиіс. Заңды күші жойылған ауыртпалық тудыратын әкімшілік актіні тану туралы талап қоюдың ескіру мерзімі болмайды.

Еңбек дауларын қарау кезінде жұмыс берушінің актілері мен ілеспе құжаттардың аражігін ажырату қажет. Жұмыс берушінің актілеріне тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы бұйрықтар және еңбек қатынастарын тоқтату актісінің өзі кіреді. Бұл ретте ілеспе құжаттарға әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындылары, куәландыру немесе куәландырудан өтуден бас тарту туралы хаттамалар, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама және т.б.

Қорытындылай келе, еңбек даулары бойынша талап қою мерзімін түсіну және олардың басқа дау түрлерінен айырмашылығы, еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің құрамдас бөлігі болып табылатынын атап өткен жөн. Бұл мерзімдерді білу құқықтары бұзылды деп есептейтін тұлғаларға заңды дұрыс қолдануға және құқықтарын қалпына келтіруге көмектеседі.

Хасан РАХМАТУЛИН,
Алматы гарнизонының
Әскери сот судьясы

БЕЗБЕН

Мемлекет басшысы өткен жылы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында «Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алды. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамудың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жағастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз», – деген еді.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Мұндай маңызды жұмыстардың бірі ретінде былтыр «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізілгенін атап өткен жөн.

Аталған өзгерістердегі басты жаңалық елімізде ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап дербес кассациялық соттар құрылмақ. Бұл салмақты реформаның дер кезінде жүзеге асуы мемлекетімізде сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуына айырықша көңіл бөлінетіндігін білдірсе керек.

Қазақстан Республикасындағы кассациялық сот кассациялық іс жүргізу тәртібімен заңды күшіне енген сот шешімдері мен актілерін қайта қарауды қамтамасыз етеді. Негізгі міндет пен мақсат – төмен тұрған соттардың жіберген қателіктерін уақытында сапалы түзету және елдің барлық аумағында заңдардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету.

Сондай-ақ, дербес кассациялық соттар – сот өндірісінің жоғары сатысы болып табылады. Өз кезегінде мұндай соттар алдыңғы инстанциялар қабылдаған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін тексереді. Қазіргі таңда үш сатының бірі ретінде Жоғарғы Сот өз міндеттерін сапалы жүзеге асырып келеді. Алайда, аталған сатыда барлық істерді қайта қарауға мүмкіндік болмады. Себебі, кассациялық сот алқасы өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен мате-

риалдарын қарайтын, яғни қылмыстық және азаматтық істердің санаулы бөлігі ғана кассацияға жолданатын.

Ата Заңымызда әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы екені, өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар екені көрсетілген. Сондықтан, мұндай шектеулер азаматтардың конституциялық құқықтарын қолдануға өз кедергісін келтірді.

Кассациялық соттардың дербес құрылуы сот жүйесінің тәуелсіздігі мен әділдігін арттырып, қазылардың шешім қабылдаудағы тәуелсіздігін күшейтеді деп күтілуде. Сонымен қатар, сот процесінің ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етіледі. Судьялардың мамандану деңгейінің артуы және іс жүргізу процесінің оңтайландырылуы да сот шешімдерінің сапасын жақсартпақ.

Тағы бір айта кетерлігі, кассациялық тәртіптегі істер алдын ала қараусыз, бірден үш судьядан тұратын алқаға жіберіліп, істерді алты айдан аспайтын мерзімде қарайды. Сот талқылауы тараптардың қатысуымен ауызша өткізіледі.

Ең бастысы, халықтың қалауымен қолға алынған кассациялық орган азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал етері сөзсіз.

Замира МАХИТОВА,
Мұнайлы аудандық
сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕМҚОРЛАРДЫҢ ШЕКАРАДАН ШЫҒУЫН ШЕКТЕУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дәстүрлі жиында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасы бірінші оқылымда қаралған болатын. Азат Тұрдыбекұлы аталмыш ұсынысын осы құжатқа байланысты ортаға салды. Депутаттың айтуынша, бұған дейін де ол жеткізіліп ететін «Ақ жол» партиясы бұл мәселені бірнеше рет көтеріпті. Осы жолы ғана үкімет оң қорытындысын беріпті. Бірақ соған қарамастан талап аталмыш құжатта көрініс таппай отыр.

Заң жобасын талқылау барысында депутат бұған бірнеше рет назар аудартып, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыспен сотталғандарды елден шығармаудың заң жүзінде айқындалуын табанды түрде талап етті. Жиында жаңа құжатты қорғаған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Ұлан Сарқұлов бұл мәселені шешу тек уәкілетті органның құзырында емес екенін айтып, екінші оқылымда мүдделі ұйымдармен қарап, ортақ шешімге келуге тырысатынын айтумен болды. Алайда, бұл жауап Азат Тұрдыбекұлына қанағаттандыра қоймады. Бұл орайда ол міндетті төлемдер бойынша аз ғана қарызы үшін азаматтардың шетелге шыға алмай жататынын,

ал ел бюджетін тонаған сыбайлас жемқорларға өзге елге қаржысын әкетуге шек қойылмайтындығы ақылға сыймайтынын айтып, бұл мәселені тіпті нотариустар арқылы оңай шешуге болатынын мәлімдеді. Әйтсе де құзырлы орын өкілінің бұл сөзге де уәжі жоғарыдағында аспады. Осылайша сыбайлас жемқорлардың шетке шығуына тыйым салу жайының шешімін табу мүмкіндігіне қатысты кесімді сөз айтылмады.

Шын мәнінде мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шараларға қарамастан, сыбайлас жемқорлық Қазақстанның тұрақты дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Оның бір себебі аталған мәселелер секілді заңнамалық жүйедегі олқылықтар. Тұтастай алғанда қаралған жаңа құжатта олар барынша жойылып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу шаралары мүмкіндігінше күшейтілген секілді.

Жалпы жаңа құжатқа ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген шараларды іске асыру мақсатында Үкімет бастамашылық жасапты. Тұжырымдамада қоғамның сұраныстары, ұлттық және озық шетелдік тәжірибе ескеріле отырып қалыптастырылған бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды жүзеге асыру көзделген. Осыған орай заң жобасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шара-

лары жүйесіне ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін сотталғандардың жария тізілімін енгізу, мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда мүдделер қақтығысы институтын жетілдіру, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдардың жеке мүдделерін декларациялауды енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар институтын дамыту, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін жауаптылығының құқықтық тетіктерін жетілдіру, параны талап етуді, сондай-ақ параны уәде ету мен ұсынуды, мемлекеттік органның, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымның қызметкеріне заңсыз сыйақы ұсынуды қылмысқа жатқызу, мемлекеттік орган, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйым қызметкерінің заңсыз сыйақыны бопсалауымен байланысты қылмыстарға қарсы күресті күшейту жөніндегі жұмысты жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз ету заңнамалық тұрғыдан реттеу көзделіпті.

Ал, ілеспе құжат «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сы-

байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында ұсынылған заңсыз материалдық сыйақының еселенген сомасы мөлшерінде есептелетін санкция белгілеу арқылы әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды тұлғалардың жауаптылығын күшейту қарастырылды. Сонымен қатар бұл құжатта арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін, шетелдік лауазымды адамдарды параға сатып алғаны үшін заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығын күшейту белгіленді. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін субъектілік құрамды кеңейту және әкімшілік жауаптылықты 100-ден 200 айлық есептік көрсеткішке дейін күшейту де көзделді.

Жиында баяндама жасаған осы заң жобасы бойынша құрылған жұмыс тобының жетекшісі Парламент Мәжілісінің депутаты Айдос Сарымның айтуынша, құжат барынша тыңғылықты талқыланып, заң жобасының жекелеген нормалары бойынша сарапшылармен консультациялар өткізілді. Мәжілістің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысында бөлек қаралып және әр бағыт бойынша жабық, үлкен-кішілі түрде қосымша семинарлар да ұйымдастырылған.

Бастапқыда заң жобасында Қылмыстық кодекске параға келісім бергені, пара сұрағаны және талап еткені үшін жаңа 366-1-бапты енгізу, сондай-ақ параны уәде еткені және ұсынғаны үшін жаңа 367-1-бапты енгізу ұсынылыпты. Олар қылмыстық теріс қылықтарға және ауырлығы төмен қылмыстарға жатқызылуы туралы мәселе қойылған. Ұзақ пысықтау процесінде және халықаралық озық

тәжірибені ескере отырып, жұмыс тобы параны талап етуді, уәде етуді және ұсынуды жаңа қылмысқа жатқызу қажет деген қорытындыға келіп, оларды тиісінше Қылмыстық кодекстің 366-бапта (пара беру) және 367-бапта (пара алу) көзделген қылмыстар құрамында қарастыру керек деген ұйғарым жасалды. Айдос мырза мұны Қазақстан үшін революциялық норма деп айтуға болады деп атап көрсетті. Яғни, әлемдік, Еуропа елдеріне сай осы өзгеріс біздің Қылмыстық кодекстің концепциясына еніп отырған тың талап. Бұл жемқорлыққа қарсы жаңа мәдениетті қалыптастыру үшін аса қажетті шара. Қазіргі уақытта мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеуді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді регламенттеуге байланысты заң жобасының нормаларын пысықтау бойынша жұмыс жүргізіліп отыр.

Сөз алған өзге депутаттар да жаңа құжаттағы жаңа өлшем-пара беру туралы уәде беру, ұсыныс жасау және талап қою үшін қылмыстық жауапкершіліктің маңыздылығын атап көрсетті. Солардың бірі Абзал Құспанның айтуынша, бұл норманың болмауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі мүмкіндіктерімізді азайтады және халықаралық стандарттарға қайшы келеді. Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау арқылы осы әрекеттерді қылмыстық іс-әрекет ретінде тану міндетін өз мойнына алды. 16 жылдан кейін, бізде бұл міндеттемені орындауға маңызды қадам жасалып отыр.

Құжат бірінші оқылымда қаралып, екінші оқылымда пысықталуға жіберілді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

АШЫҚТЫҚ ЗАҢСЫЗДЫҚТАН САҚТАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан онда 4,65 балмен 164 елдің ішінде 111-орыннан көрінді. Бұл еліміздің 13 жылдың ішінде жеткен ең жоғарғы көрсеткіші деуге болады. Мәселен, 2020 жылы 73 орында болса, былтыр өз көрсеткішін бірден 11 сатыға жақсартып, 100-ден 111-ге дейін көтеріліп отыр. Жалпы, «Basel AML Index» рейтингіндегі көрсеткіштерде ақшаны жылыстатуға және лаңкестікті қаржыландыру тәуекелі 10 балдық шкала бойынша бағаланады. Мұнда 10 – ең жоғары, 0 – ең төменгі тәуекел. Ол әртүрлі факторларды өлшейтін 5 саладағы 17 көрсеткішке негізделген. Рейтингте көршілес Қытай – 11, Түрікменстан – 23, Тәжікстан – 30, Қырғызстан – 45, Әзірбайжан – 74, Өзбекстан – 81 сатыда тұр, Иран мен Ресей онда мүлде қарастырылмаған. Онда тәуекелге аз ұшыраған елдердің алғашқы ондығында Сан-Марино, Исландия, Финляндия, Эстония, Андорра, Швеция, Дания, Словения, Литва, Грекия тұр. Ал ең жоғары тәуекелі бар мемлекеттер көшбасшылары Мьянма, Гаити, Конго, Чад, Венесуэла болып отыр.

36 ЗАҢСЫЗ КРИПТО АЙЫРБАСТАУ ПУНКТІ ЖОЙЫЛДЫ

Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметі бойынша, 2024 жылы жалпы айналымы 60 млрд теңгені құрайтын 36 заңсыз крипто айырбастау пункті жойылып, олардың 4,8 млн USDТ (2,5 млрд-қа жуық теңгені) активтері бұғатталып, тәркіленген. Сонымен

қатар Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мәдениет және ақпарат министрлігі бірлесіп жүргізген жұмыс нәтижесінде 3,5 мыңнан астам заңсыз онлайн криптоайырбастау қызметі бұғатталған. Бұдан бөлек инвестициялар тарту үшін криптовалюта пайдаланған екі қаржылық пирамида әшкереленді. Олардан 545 мың USDТ қайтарылып, 120 мың USDТ бұғатталды.

Агенттік криптотранзакцияларға бақылауды күшейту және олардың қылмыстық мақсаттарда қолданылуына қарсы күрес жүргізуде халықаралық әріптестермен жұмысты жалғастыруда. Ақша жымқыру саласындағы бұзушылықтар үшін цифрлық активтер провайдерлеріне жауапкершілік жүктейтін заңнамалық түзетулер әзірленді. Қаржы ұйымдарындағы криптовалюта операцияларын тексеру күшейтілді. Мәселен, Қазақстан мүше болып табылатын Еурразиялық топтың қаржылық



барлау бөлімшелері басшылары кеңесі ұлттық жүйелерге халықаралық стандарттарды енгізуге көмектеседі

және ұйымға мүше елдерді бағалау кезінде рейтингтерін жақсартуға қолдау көрсетеді. Былтыр бұл кеңесте бірнеше маңызды бастама-

лар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, аймақта ақшаны жылыстату және лаңкестікті қаржыландыру тәуекелдерін азайту бойынша ұсыныстар әзірленді. Елдер арасында ақпарат алмасу рәсімдері жақсартылды. Тәуекелдерді бағалау үшін халықаралық орталық құру бойынша жұмыс басталды. Жастарды қылмысқа тартуға қарсы күрес шаралары талқыланды.

ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГЕНІНЕ 25 ЖЫЛ

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдас-тыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заң 2009 жылы 28 тамызда қабылданған болатын. Алты айдан кейін қолданысқа енген бұл заңның тақырыбына 2014 жылы өзгеріс енгізілді. Биыл қолданысқа енгеніне 25 жыл болатын заңға ширек ғасырдың ішінде 29 рет өзгерістер мен түзетулер енгізілген екен. Оның алғашқысы 1 жылдан кейін, нақты айтқанда 2011 жылы 7 мамырда жасалса, 2013, 2022–2023 жылдары бір-бірден, 2012, 2015 және 2017–2021 жылдары екі-екіден, 2016 жылы – 3, 2014 пен 2024 жылдары төрт-төрттен.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдас-тыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыланды-

руға қарсы іс-қимыл туралы» заңның жүзеге асырылуына ел тұрғындарының қызығушылығы соңғы жылдары күрт өсіп келе жатыр. Өйткені бірқатар халықаралық ұйымдардың есебі бойынша Қазақстаннан тәуелсіздік жылдары шетелдердегі офшорларға 150-160 млрд доллар шығарылған. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президенті болып сайланғаннан кейінгі ұлықтау рәсінде сөйлеген сөзінде: «Біз әділеттікті қалпына келтіріп, елден заңсыз шығарылған барлық активтерді қайтаруға тиіспіз. Бұл үшін Үкімет заңсыз шығарылған капиталды қайтару үшін қажетті рәсімдерді реттейтін заң жобасын әзірлейді. Заң жобасы әділетсіз баюға және активтерді заңсыз шығаруға ықпал ететін себептер мен шарттарды жоюға бағытталады. Қайтарылған барлық қаражат азаматтардың игілігіне жұмсалып тиіс. Бұл қаржыны жоғары технологиялы өндіріс орындарын ашуға, мектептер мен ауруханалар салуға, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға пайдалану керек» деген сөзі де тұрты болды. Соның нәтижесінде 2023 жылы көптен күткен «Заңсыз активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң да қабылданды.

Елді алаңдатқан өзекті мәселені сол себепті ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биыл «Ана тілі» газетіндегі «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деген тақырыптағы сұхбатында да атап өтті. «Заңсыз алынған қаржы және басқа да активтерді қайтаруға қатысты жұмыстың нәтижесінде 2022 жылдан бері мемлекет қазынасына 2 триллион теңгені астам (4,1 миллиард доллар) қаражат түсті. Бұл қаржы мектептер мен маңызды инфрақұрылым нысандарын салуға және өзге де әлеуметтік міндеттерді орындауға жұмсалып жатыр», – деп есеп берді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Сәбит ЖЕҢІСҰЛЫ, заңгер:

– Соңғы жылдары Парламент депутаттары тарапынан құзырлы органдардың басшыларына қолданыстағы заңдардың орындалуына қатысты сауалдардың жиілеуі еліміздің дұрыс бағытта келе жатқанын көрсетеді. Сол себепті қолданыстағы заңнамаға уақыт талабына сай да өзгерістер мен толықтырулар жасалып жатыр. Әрине, азаматтық қоғамның кейбір өкілдері шетелге заңсыз шығарылған активтерді қайтарудың баяу жүріп жатқанына алаңдаушылық білдіруін түсінуге болады. Бұған уәкілетті органдардың халыққа түсіндіру жұмысының нашарлығы түрткі болып отыр. Сол себепті оны әркім сансаққа жүгіртіп, өзіне топишылдау.

Жалпы, шетелге шығарылған активті толық қайтару үшін қанша уақыт керектігін ешкім дөп басып айтып бере алмайды. Өйткені бұл тек Қазақстан билігінің шешімі мен ниетіне тіреліп тұрған жоқ. Бұдан бөлек, қазір экономикада ғана емес, қоғамның барлық саласындағы ғаламдық жаяндалу үдерісі

жыл өткен сайын интернет пен әлеуметтік желілердің арқасында аса жоғары қарқынмен дамуда. Бұған дейін тек дамыған елдерге ғана тән болып келген криптовалюта саудасының белсенді қатысушылары біздің елімізде де пайда бола бастады. Тіпті криптовалюта тасымалдауы бар ел тұрғындарының үлесі былтыр 8 пайызға жеткені туралы ресми ақпарат та жарияланды. Егер бұған ресми түрде еш жерде тіркелмеген криптоайырбастаушыларды және олардың қызметіне жүзіншілерді қосатын болсақ, бұл 8 пайыздан да жоғары болуы әбден мүмкін. Ал қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдас-тыруда заңсыз криптоайырбастаушылар маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл мәселе алдымен әлемнің әрбір елімен екіжақты және көп-жақты, жан-жақты келісімдер жасап, оны құқықтық тұрғыдан бекіту үшін ұзақ уақытты қажет ететін өте күрделі үдеріс екенін түсінуге керек. Сонымен қатар онда келіссөзге қатысушы тараптардың мүдделер қайшылығы барын да ескеру қажет. Бұл, әсіресе, офшорлық аймақтардағы активтерді қайтаруда айқын сезіледі.

ОҢ ҚАДАМ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА ҮЛЕСІ БОЙЫНША ҮЗДІК ОНДЫҚТАМЫЗ

Қазақстан 2024 жылы бөлшек саудадағы электрондық сауданың үлесі жағынан әлемде алғашқы ондыққа енген еді. Бұл көрсеткішке еліміз цифрландырудың жоғары деңгейі мен тұтынушылардың интернет арқылы сатып алу дәстүрінің жылдам таралуының арқасында қол жеткізіп отыр.

Электрондық сауданы дамыту мәселесі осы аптада Премьер-Министр Олжас Бектеновтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында да арнайы қаралды. Электрондық сауда әлемдік экономиканың ең қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі. Бүгінде әлем тұрғындарының 30 пайызы онлайн сауданы меңгерген. Соның нәтижесінде былтыр жаһандық электрондық коммерция нарығының көлемі 6,3 трлн долларға жуықтады. Оның ішінде электрондық сауданың үлесі 20 пайызды құрады. Электрондық сауда нарығының көлемі былтырғы 11 айдың қорытындысы бойынша 3,2 трлн теңгені құрап, бөлшек саудадағы оның үлесі 14,5 пайызға жетті.

– Біздің нарықтың едәуір бөлігін шетелдік интернет-сайттар алып отыр. Біз оларды отандық тауарлар экспортын ұлғайту үшін тиімді пайдалана аламыз. Екінші жағынан, тұтынушылардың құқықтарын, зияткерлік меншік объектілерін және азаматтарымыздың дербес деректерін қорғау мәселелері бар. Тек шетелдік платформалар ғана емес, отандық базарлар да сапаға кепілдік бермейді. Тауардың түпнұсқалығы туралы ақпарат жиі жетіспейді, – деді Үкімет басшысы онда.

Электрондық сауда алаңында 10 мың жұмыс орны құрылмақ.
Нарықтағы ахуалға шолу жасаған Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевтің айтуынша, шетелдік жаңа базарлар пайда болып, бәсекелестік күшеюде. Бұл қызмет көрсетуді жақсартып, тауар номенклатурасы мен тұтынушылар үшін бағаларды жақсартуға септігін тигізді. Сонымен қатар трансшекаралық онлайн-коммерцияның дамуымен бірге тұтынушылардың шетелдік базарларға шағымы да өсуде.

Бұл мәселе шетелдік базарлар мен сатушылардың Қазақстан юрисдикциясына кірмеуіне байланысты туындап отыр.

«Бұл өз құқықтарын толықтай қорғай алмайтын тұтынушылар үшін қауіп туғызады. Елдер арасындағы арақатыстың айтарлықтай болуына байланысты тауарларды қайтару немесе айырбастау бойынша талаптар жиі орындалмайды. Сол себепті салық заңнамасы саласында авторлық құқықты бұзғаны, сапасы төмен және қауіпсіз тауарлар ұсынғаны үшін «қатаң» нормалар қабылданды. Онда тұтынушылардың құқығы мен дербес деректердің қорғалуына ерекше назар аударылады. Сондықтан енді шетелдік базарлар Қазақстанда тіркелуге міндетті болады», – деген министр бұл тіркеу талабы базарлардағы тауарлар бағасының көтерілуіне әсер етуі мүмкін екенін де атап өтті.

Министрлік алдында енді 2029 жылға дейін электрондық сауданың бөлшек саудадағы жалпы көлеміндегі үлесін 18,5 пайызға дейін арттырып, 9,3 трлн теңгеге жеткізу міндеті тұр. Бұл электрондық сауда көлемін іс жүзінде 3 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі 2024 жылдың сәуірінде қабылданған 2027 жылға дейінгі электрондық сауданы дамыту жоспарында қарастырылған. Ол бойынша электрондық сауда мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру, барлық өңірлерде электрондық сауда бойынша оқу курсы жүргізу, сондай-ақ электрондық сауда кәсіпкерлеріне мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын жүргізу жалғасуда. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп кәсіпкерлер үшін электрондық сауда бойынша оқу орталықтары ашылды. Электрондық сауда субъектілеріне сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және кепілдік беру түрінде мемлекеттік қол-

дау шараларын көрсету ережелері қабылданды. Осы арада электрондық сауда инфрақұрылымын дамыту бойынша меншікті инфрақұрылымы 100 мың шаршы метр болатын Теез қазақстандық маркетплейс іске қосылғанын, енді жақын арада 10 мың жұмыс орны құрылатынын да айта кеткен жөн шығар. Ондағы инвестиция 50 млн долларды құрап отыр. Биыл Ozon және Wildberries маркетплейстер Астана және Алма-

Қазақстанда белсенді онлайн-компаниялар барлық бөлшек сауда кәсіпорындарының 12,6 пайызын құрайды. Олар 300 мыңнан астам жұмыс орнын құрды. Сондай-ақ бөлшек сауда секторындағы салық түсімдерінің 60 пайызын қамтамасыз етті. Қақты офлайн компания бюджетке 3 жыл ішінде 240 млрд теңге салық төлесе, онлайн саудамен айналысатын 73 мың компания 360 млрд теңге салық төлеген. Отандық маркетплейстер бұдан бөлек тағы 135,2 млрд теңге салық төлеген.

ты қалаларында инвестиция көлемі 101,3 млрд теңге болатын жалпы ауданы 291 мың шаршы метр 3 орталық салуды жоспарлауда.

Бөлшек сауда секторындағы салық түсімінің 60 пайызын онлайн-компаниялар қамтамасыз етеді

Қазақстанда белсенді онлайн-компаниялар барлық бөлшек сауда кәсіпорындарының 12,6 пайызын құрайды. Олар 300 мыңнан астам жұмыс орнын құрды. Сондай-ақ бөлшек сауда секторындағы салық түсімдерінің 60 пайызын қамтамасыз етті. Нақты айтқанда бөлшек саудамен айналысатын 505 мың офлайн компания бюджетке 3 жыл ішінде 240 млрд теңге салық төлесе, онлайн саудамен айналысатын 73 мың компания 360 млрд теңге салық төлеген. Отандық маркетплейстер бұдан бөлек тағы 135,2 млрд теңге салық төлеген. Компаниялардың онлайн сауда

жасағаннан кейінгі 10 мың әртүрлі жағдайына жасалған талдау маркетплейске шыққаннан кейін 1,5 жылдан соң компаниялардың орташа сатылым көлемі 4,8 есе артып, салықтық төлемдер 13,5 есе көбейіп, сату географиясы кеңейгенін көрсетті. Сауда және интеграция министрінің сөзіне қарағанда, отандық электрондық сауда шағын және орта бизнес үшін үдеткіш және өңірлік деңгейде жұмыспен қамтуды арттыру құралы. Отандық электрондық коммерцияны одан әрі дамыту республиканың бүкіл сауда саласының өсуіне қосымша мүмкіндік ашады. Мәселен, қабылданған шаралардың нәтижесінде 2023 жылы шетелдік платформаларда жасалған сатып алулар 1,3 млрд долларды құраған еді. Бұл елдегі жалпы онлайн-сатылымдардың

ту секторын дамыту экономикалық өсудің маңызды факторы ғана емес, сонымен қатар сауданы одан әрі цифрлық трансформациялау және елімізді әлемдік цифрлық экономикаға интеграциялау үшін қажетті қадам.

Электрондық сауда өсімінің негізгі драйвері – базарлар

Сарапшылардың есебі бойынша, елдегі электрондық коммерция өсімінің негізгі драйвері базарлар болып табылады. Интернет-дүкендердің үлесі азайып, базарлар үлесі өсуде. Базарлар арасында сатып алушылар, мәмілелер, сатушылар саны жағынан Kaspi көшбасшы болып отыр. Базарлардағы ең жылдам дамып келе жатқан өнімдер электроника, тұрмыстық және жөндеу тауарлары, сондай-ақ косметика мен киім-кешек болып табылады. Сарапшылар болжамы бойынша, базарларда онлайн сатып алулар саны әлі де өседі. Өйткені онда ең жоғары мәндерге әлі қол жеткізілмеді. Базарларда орташа тексеру азайып, сатып алу жиілігі артады. Онлайн режимінде автокөліктер, құрылыс техникасы сияқты тауарлардың жаңа ірі санаттары пайда болады,

Қолма-қол операциялар үлесі интернет/мобильді банкинг арқылы жүргізілді

ҚР Ұлттық банкінің мәліметі бойынша, 2024 желтоқсанда төлем карточкаларын шығаруды 17 банк және «Қазпошта» АҚ жүзеге асырды. 1 желтоқсанда банктердің айналымдағы карточкаларының саны 80,5 млн-ға жетті. Олардың 81,3 пайызы дебеттік, 15,7 пайызы кредиттік, 3 пайызы кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалар мен алдын ала ақысы төленген карточкалар.

Қазақстан аумағында қолма-қол ақшасыз операциялардың негізгі үлесі интернет/мобильді банкинг (қолма-қол жасалмайтын операциялардың жалпы саны, көлемінен сәйкесінше 79,4% және 90,2%) және POS-терминалдар (қолма-қол жасалмайтын операциялардың жалпы саны, көлемінен сәйкесінше 20,5% және 9,5%) арқылы жүргізілді. Қолма-қол ақшаны беру операциялары негізінен банкоматтар арқылы жүзеге асырылған.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

Соңғы уақытта сот саласында бірқатар өзгеріс орын алды. Атап айтар болсақ, қазылардың әділдігіне, кәсібилігіне талаптар күшейтілді. Мемлекет басшысының соттың құзыреттілігін аумақпен шектемеу керектігін айтқан ұсынысы халықты бір серпілтіп тастады. Соның бір дәлелі қазіргі таңда халықтың сот орындарына қатысты арыз-шағымдары да айтарлықтай азайған. Сала ұдайы Мемлекет басшысы тарапынан қадағаланып, заманға сай өзгерістер жасалуының арқасында үнемі даму үстінде.

САЛАДА ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

Судьяларға қатысты ғана емес, олардың шығаратын сот шешімдеріне қатысты да талап артты. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы: «Дұрыс қабылданбаған шешімдердің кесірінен қателік туындау қаупі бар. Бізде үкім шығаруда өрескел қате жіберген судьялардың да нақты статистикасы жоқ екен. Өйткені заң бойынша олар тәуелсіз, ешкімге есеп беруге міндетті емес. Сот шығарған солақай шешім кейде баз біреулердің өміріне нұқсан келтіріп жатады. Мұндай келеңсіздіктерге жол беруге болмайды. Соның салдарынан қоғамда наразылық туындап, соттардың бәрі жемқор деген жағымсыз ақпарат тарайды. Соттар қылмыстық процесті жүргізу барысында тергеу органдарына жалтақтамауы керек. Егер сотта мемлекеттік айыптаушы сотталушының кінәсін дәлелдей алмаса, айыптау үкімін шығаруға болмайды. Судьялар табандылық танытса, тергеу амалдары сапалы жүргізілетіні анық» деді.

Расында мұндай талаптар сақталғанда, қылмыстық қудалауға түскен азаматтардың құқықтары да лайықты қорғалары сөзсіз. Жалпы, елімізде сот төрелігін заман талабына сай жаңғырту жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Соның нәтижесінде сот саласының жұмысы тың серпін алып, сот ашықтығы мен қолжетімділігі арта түсті. Сот жүйесінің көпсатылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдебінің жаңа кодексі қабылданып, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды



соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды. Сондай-ақ сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жаңа электрондық сервистер мен жобалар іске қосылды.

Бұл өзгерістердің барлығы салаға оң ықпал етті, сот жүйесін белсенді дамытудың жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін берді. Ендігі жерде сот беделін нығайту бағытындағы жұмыстар қолға алынып, оң шешім тапса халықтың да сотқа деген сенімі арта түсері анық.

Нұрсұлтан ТЕКЕЕВ,
Қазақстан Республикасы
Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы
бойынша департаментінің
персоналды басқару бөлімінің
бас маманы

КЕСЕЛ

ӘДІЛДІК ҮШІН КҮРЕСКЕННІҢ ЖҮЗІ ЖАРҚЫН

Сыбайлас жемқорлықтың түрі өте көп. Адам баласы табиғатынан байлыққа, дүниеге құмар. Қай жерден пайда көрсем, кімді сазға отырғызсам, затымды қалай қымбатқа өткізсем, қалай арбап, қалай алдасам екен деп шыж-пыж болады да жүреді. Бұлар тек қоғамда еленер-еленбес жағдайда орын алатын құбылыс. Ал, жас мемлекетімізге зор қатер төндіріп отырған нәубет – ол мемлекеттік деңгейдегі сыбайлас жемқорлық түрлері.

Корпоративті сыбайлас жемқорлық – капиталдың елден шығарылуы, салық төлеуден жалтару, кәсіпкерлігін жүргізу үшін шенеуніктерге пара беру, үстематқы алу үшін монополиялық жағдайды пайдалану, келісім, сараптама мен сертификат алу үшін пара беру. Ал саяси сыбайлас жемқорлық – ақша алып, мемлекеттік сатып алудың бюджеттік қаржысын заңсыз бөлу, түрлі мемлекеттік қызметтердің орындалуын тездету үшін пара алу, түрлі заңбұзушылықтарды жасыру үшін ақша бопсалау, қаржының депозит не облигация ретінде қаржы ұйымдарына жіберілуі, инвесторларға заңсыз түрде қолайлы жағдай жасау.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – түрлі әлеуметтік жеңілдіктер мен қызмет үшін тұрғындардан пара алу, заңның бұзылуын жасыру, түрлі рұқсатнамалар алу. Қазақстанда сыбайлас

жемқорлыққа жататын қылмыс: қызмет орнын, өкілеттігін пайдалану; билігін не қызмет өкілеттігін пайдалану; лауазымды тұлғаның өкілеттігін пайдалану; заңсыз түрде кәсіпкерлікпен айналысу; заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі болу; пара алу; пара беру; бопсалауда арада жүру; қызмет орнында алдау; қызмет орнындағы әрекетсіздік; немқұрайлылықпен байланысты.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандар үшін ескіру мерзімі болмайды, шартты түрде сотталуға тыйым салынған, өмір бойы мемлекеттік қызметпен айналысуға тыйым салынады. Жыл сайын мыңдаған адам (шенеуніктер де, азаматтар да) сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ең жоғары деңгейдегі шенеуніктер де, тіпті министрлер мен

облыс әкімдері де сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін қамауға алынып, сотталады. Егер сіз қандай да бір ұйым, мекемеде жемқорлық, бопсалаушылық, пара алу, пара беру және т.б. сыбайлас жемқорлық көрінісіне тап болсаңыз, бұл мәселеге тап немқұрайлы қарамаңыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро орталығына хабарлассаңыз құба-құп.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қай жерде, қандай мекемеде болмасын, ешкімнен тайсалмай әділдік үшін күресіңіз. Жеңесіз. Сыбайлас жемқорлыққа жай қарауға болмайды. Болашағымызға қаяу түсіретін дерттің бірі осы.

Аида БАЛТАБАЕВА,
Түркістан облысының
кәмелетке
толмағандардың істері
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық
соты қызметкері





Естай КУЛДИБАЕВ, тарих ғылымдарының кандидаты:

АТҚАРУШЫ БИЛІК ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОС ҚАНАТЫ

(Соңы. Басы 1 -бетте)

Азаматтық қоғам барлық халықтың игілікке қол жеткізуін, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуын, қоғамның рухани-мәдени дамуын, мемлекеттің заңға бағынуын көздейді. Қазіргі заман өлшеммен алғанда азаматтық қоғамы ілгерілемеген елдің заман талабына, уақыт сұранысына сай дамуы қиын. Азат күннің алтын қазығы аста-төк қазба байлығы емес, азаматтық қоғам қалыптастыру екенін түйсінер кез келді. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та өз жолдауында: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпымемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет», – деген болатын.

Шындығына келсек, еліміздегі азаматтық институттардың жағдайына көңілім толмайды. Мүлдем дамымай қалды деуге келмес, дегенмен сапалық жағынан әлі де дамытуды қажет етеді. Өйткені азаматтық қоғам – демократия дамуының көрсеткіші. Бұл – халықтың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани және саяси мәдениеті. Ол белгілі бір жағдайларда, тәжірибеде, қоғамның әлеуметтенуі барысында азаматтардың бойына сіңіп, оларды өзара байланыстыра түседі. Азаматтық қоғамның белгісі – халықтың «мемлекет бізге не береді?» деп күтуі емес, керісінше «біз мемлекеттің дамуы үшін не істей аламыз?» деген сұрақ қоя алуы.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдармен қарым-қатынасын бағалайтын болсақ мемлекеттік құрылымдар тарапынан арнайы бекітілген заңнамалар аясында көптеген де-



меушіліктер мен қолдау баршылық. Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдар арасындағы ынтымақтастықтың негізгі формасы қазіргі таңда негізінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру болып отыр. Сондықтан да Үкімет тарапынан Мемлекеттік сыйлықтар мен гранттық қаржыландыру, арнайы бекітілген азаматтық қоғамды қолдауға арналған тұжырымдамалар да азаматтық қоғам институттарының қаржылық қолдау құралдары болып табылады. Әрине кей жағдайларда билікке қарсы көзқарастар да кездесіп жатады.

Қоғам болғаннан кейін барлығын күтуге болады. Тіптен, биліктің ортаңғы және төменгі буындарында осы азаматтық қоғамды түсінбейтін, қолдамайтындар да кездесіп жатады. Азаматтық қоғам билікке көмекші емес, билік азаматтық қоғамға көмекші болуы керек. Осы мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақсы айтып жүр. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қалыптастырып, азаматтық қоғамды дамытуға жол салуымыз керек деген болатын. Қоғамның тұрақтылығы үшін билікке қарсы уәж айту емес, отбасынан бастап мен бұл қоғамға пайдалы не істедім, әрі не істей ала-

мын деген көзқарас әр азаматтың айырылмас жолдасы болу керек деп ойлаймын

– **Азаматтық қоғамның дамуы саяси тұрақтылыққа қалай әсер етеді?**

– Азаматтық қоғам дегеніміз демократияның дамуының тікелей көрсеткіші. Бұл – халықтың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани және саяси мәдениеті деп айтсақ қателеспейміз. Ол белгілі бір жағдайларда, тәжірибеде, қоғамның әлеуметтенуі барысында азаматтардың бойына сіңіп, оларды өзара байланыстыра түседі. Мен қоғамға не бере аламын деген идея аясында бірлескен, құрылған қоғамдық ұйымдар – азаматтық қоғамның құрметі.

Жалпы айтқанда кез келген адамның мақсаты мен арманы болады және оған жеткісі келеді, тіптен жақсы өмір сүріп, алға дамығысы келеді. Әрине, бұл өмірдің заңдылығы. Адам баласы басқалармен үздіксіз қарым-қатынаста болады. Дәл осы байланысының ортақ мүддеге негізделуінен тағы да азаматтық қоғамның белгісі шығады. Тағы да айтамын, әр адам белгілі бір құрылымдармен, бірлестіктерге ұйымдасып, қоғамның дамуына атсалысса, қоғамға көмектесу арқылы өзіне, отбасына көмектескен болады. Әр азамат мемлекетінің дамуына қолғабысын тигізіп, үлесін қосса, оған ешқандай ақы талап етпесе – азаматтық қоғамның дамығаны. Әркім мемлекетке көмектесуді өзіне көмектескені екенін түсінуі керек. Азаматтарымызға тұлға болып қалыптасу процесінде саяси-әлеуметтену, саяси-мәдениетті жетілдіру керек деп ойлаймын. Қоғамның дамуына әрбір жеке тұлғаның үлесі болуы керек.

– **Қазақстанда азаматтық қоғам заңнамалық қолдау бар ма? Ол қаншалықты тиімді?**

– Азаматтық қоғам, кез келген институт секілді, ең алдымен оның қызметін қамтамасыз ету үшін заңнамалық реттеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда азаматтық қоғам саласында «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Кәсіптік одақтар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы», «ҚР үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен

сыйлықақылар туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Бейбіт жиналыстар туралы» заңдары арнайы бекітіліп, жұмыс жасап жатыр. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытуға арналған 1-кезең 2020-2025, 2-кезең 2026–2030 жылдарға арналған арнайы тұжырымдамада бекітілген. Жыл сайын түрлі азаматтық форумдар өткізіледі. Тіптен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жолдауларында аталған мәселеге айрықша тоқталып өтеді.

– **Басқа елдердің тәжірибесінен азаматтық қоғамды дамытуға қандай идеялар мен үлгілер алуға болады?**

– Жалпы, атқарушы билік пен азаматтық қоғам – мемлекеттің қос қанаты. Бұл бірлеспей, іс ілгері баспайды. Дамыған мемлекеттерде осы қос тарапқа теңестірілген мүмкіндіктің берілуі олардың өркендеуінің негізі болып отыр. АҚШ, Ұлыбритания және Батыс Еуропа елдерінде азаматтық қоғамның мемлекеттің өркендеуіне тигізіп отырған пайдасы өте зор. Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, адам құқығын сақтау, дамушы мемлекеттерге көмектесу және демократияны дамыту салаларында ықпалды кейбір құрылымдар әлемдік ауқымдағы мәселелерге дейін араласуда. АҚШ-та 6-7 мың, тіпті 10 мыңнан астам мүшесі бар үкіметтік емес ұйымдар бар. Оларда тіптен денсаулық сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, мүгедектерге және басқа да белгілі бір салаларға арналған өздеріне қажет деп тапқан кез келген адам мүше бола береді. Ал біздің елімізде қоршаған ортаны қорғау ұйымына тек экологтар, мүгедектер ұйымына тек науқастар, денсаулық сақтау ұйымдарына тек дәрігерлер, мейірбикелер мүше болып жатады. Бұл негізінен дұрыс емес деп ойлаймын. Сонымен қатар дамыған елдерде көптеген қоғамдық ұйымдарға тек мемлекет қана емес, бизнесмендер мен барлық жеке компаниялар үнемі көмектесіп отырады. Бізде де бұл үрдіс енді-енді басталды. Бірақ та тек бір реттік қана көмектен аспай отыр.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



КӨКТЕМГІ ТАСҚЫНҒА ӘЗІРЛІК ҚАЛАЙ?

Былтырғы топан су тасқынының ауыр зардаптары сақтану және қауіпсіздік шараларын күні бұрын әзірлеудің маңыздылығын аңғартқан. Басқа аймақтар сияқты Ақмола облысында да төтенше жағдай қызметі алдағы көктемгі су тасқынына әзірліктерін тағы бір мәрте пысықтап, тексеріс шараларына кіріскен.



Көкшетау қаласының №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі базасында су тасқыны кезінде дереу іске қосылатын жеке құрам мен техниканың әзірлігі сыналды.

Көкшетау қаласының гарнизоны қатысқан төтенше жағдайдың алдын алу және жоюға бағытталған күштік құрылымдардың дайындығын Ақмола облысы төтенше жағдайлар департаменті басшысының міндетін уақытша атқарушы Бақытжан Алашов тексерді.

Жалпы өңірде азаматтық қорғаныстың мемлекеттік жүйесі мен күштік құрылымдары бар аймақтың бірі болып табылады. Құтқару қызметінде 2835 жеке құрам сарбаздары, 1382 арнайы техника, 21



жүзу құралы мен 266 мотопомпа қызмет етеді. Төтенше жағдай қызметінің мәліметінше барлық күштік құрылымдар тек тұрақты бір жерде

емес, жағдай күрделенген аудандарға дереу жеткізілмек.

– Көкшетаулық құтқарушыларда бұдан бөлек жылжымалы сорғы стансалары да жұмыс істейтінін атап өткен жөн. Мәселен, КаМаз көлігінде өнімділігі секундына 500 литрлік ЖСС-500 орнатылған. Ол жедел арада су тасқыны кезінде суды сорып алу, ірі өрттерді сөндіру, су қоймаларын құрғату кезінде жедел арада мәселені шешуге мүмкіндік береді, – дейді Ақмола облысы төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Шараға жергілікті атқарушы органдар да қатысып, олар алдағы су тасқынының алдын алу үшін гидротехникалық құрылымдарды жөндеу, өзен арналарын тереңдету және

бөгендер салу жұмыстары туралы баяндады.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



Шымкенттік ұлттық ұлан жауынгерлерін еліміздің чемпион спортшылары құттықтады.



САРБАЗДАРДЫҢ МЕРЕЙІ ӨСТІ

Шымкент қаласында орналасқан Ұлттық ұланның 6698 әскери бөлімінде жақында Ұлттық ұланның құрылған күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған әлем чемпионы, қазақстандық боксшы – Махмұд Сабырхан мен ережесіз, аралас жекпе-жектен спорт шебері Қаршыға Дәуітбек қатысты.

Мерекелік концерт барысында ел мақтаныштары жауынгерлерді Ұлттық ұланның құрылған күні мерекесімен құттықтады. Жауынгерлермен кездесу барысында чем-

пиондар жеңіске жету жолындағы қажырлы еңбек пен батылдық, батырлық туралы әңгімелер айтты. Әскери қызметшілердің ел қорғау ісіндегі атқарып жатқан абыройлы қызметтері үшін алғыс айтты.

Кездесу соңында әскери бөлім басшылығы көк туымызды әлемдік аренада көтеріп, еліміздің мәртебесін арттырып жүрген батырларымызға құрмет көрсетіп, арнайы сыйлықтар табыстады.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ

ЭКОНОМИКА

Қаржы нарығындағы өзгерістер Қазақстанның банк секторын жаңа талаптарға бейімдеуді көздеп отыр. Соңғы жылдары банк қызметі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады: цифрлық технологиялардың дамуы, халықаралық талаптардың күшеюі және тұтынушылар сұраныстарының артуы қаржы ұйымдарын жаңа жағдайда жұмыс істеуге бейімделуге мәжбүр етуде. Осыған байланысты еліміздің Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «ҚР банктер және банк қызметі туралы» заңына бірқатар өзгеріс енгізуді ұсынды. Бұл бастама банк жүйесін тиімді басқаруға, тәуекелдерді азайтуға және халықтың қаржы институттарына деген сенімін арттыруға бағытталған. Жаңа заң жобасының негізгі ерекшеліктері қандай және ол банк секторына қалай ықпал етеді?

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ: БАНКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ӨЗГЕРЕ МЕ?

Алдағы уақытта банктерді лицензиялау тәртібі өзгеруі ықтимал. Агенттіктің мәлімдеуінше, осы күні банктерге қойылатын реттеушілік талаптар олардың бизнес-моделін, қызмет ауқымын, операциялардың күрделілігін және соған байланысты тәуекелдерді есепке алмай, бірізді нысанда белгіленген. Әр банк әртүрлі – бірі ауқымды, бірі шағын, соған сәйкес капиталы да, актив көлемі де, нарықтағы әлеуеті де, атқаруы мүмкіндігі де әр алуан. Демек, оларды мүмкіндігіне орай санаттарға бөле отырып, саралаған жөн болмақ. Сөйтіп, агенттік лицензия түрін әмбебап және базалық деп бөлгісі келетінін хабарлайды. «Банктер лицензиясының түрлерін әмбебап және базалық лицензияларға саралау пруденциялық нормативтер мен ең төменгі капиталға қойылатын талаптарды айқындау кезінде тепе-тең реттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, банк секторында бәсекелестікті арттыруға және экономика субъектілеріне кредит берудің өсуіне ықпал етеді», – делінеді құжатта. Осы бастаманы іске асыру шеңберінде түрлі реттеуді енгізу ұсынылады. Біріншіден, базалық лицензиясы бар банк үшін капитал мөлшеріне қойылатын төмендетілген талаптар белгіленбек. Екіншіден, базалық лицензиясы бар банктердің кейбір жоғары тәуекелді банк операцияларын жүзеге асыруына шектеулер енгізу қарастырылған (бейрезиденттермен кейбір операциялар мен мәмілелер жүргізуге тыйым салу, шетелде еншілес ұйымдар ашу, қаржы құралдарымен күрделі мәмілелер жасау және тағы басқа). Үшіншіден, пруденциялық нормативтердің қысқартылған тізбесін және база-

лық лицензиясы бар банктер үшін қаржы өнімдері бойынша тәуекелді бағалаудың күрделі емес тәртібін қолдану көзделіп отыр. Ал әмбебап лицензиясы бар банктер үшін реттеушілік талаптардың көлемі және рұқсат етілген банк операцияларының тізбесі өзгеріссіз қалдырылмақ. «Базалық лицензиялар шағын және өңірлік банктерге бағдарланған. Әмбебап лицензиялар, керісінше, кең ауқымды операцияларды ұсынатын ірі банктерге арналған», – деп көрсетілген құжатта. Құжатта қарастырылған тағы бір бастама – әмбебап банктерге «исламдық терезелерді» ашуға рұқсат беру. Соның аясында банктер өзінің қолданыстағы инфрақұрылымын пайдалана отырып, арнайы заңды тұлға құрып жатпай-ақ, исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін қызметтерді ұсына алады. Реттеушінің мәлімдеуінше, бұл мүмкіндік дәстүрлі банктегі қызметтердің жаңа бағытын іске қосуға байланысты шығындарды айтарлықтай азайтады. «Банктер исламдық қаржы өнімдерін өзінің дәстүрлі ұсыныстарына біріктіре алады, бұл клиенттер үшін таңдауды кеңейтеді. Исламдық терезе құру лицензия мен келісімдерді алу үшін аз уақыт пен ресурстық шығындарды талап етеді, бұл қызметтерді тезірек бастауға мүмкіндік береді. Ислам банкіне толығымен ауысуға дайын емес, бірақ исламдық қаржы өнімдерін пайдалануға мүдделі клиенттерді тартуға жағдай жасайды. Банктің қолданыстағы қызметкерлері исламдық қаржыландыру бойынша оқудан өте алады, бұл қағидаттар мен тәжірибелерді жақсы түсінуге ықпал етеді» деп мәлімдейді агенттік. Реттеуші бұл

бастаманың оң және теріс тұстарын да саралаған. Маңызды тәуекелдер қатарында – беделді жоғалту және исламдық қаржы өнімдеріне сұраныстың болмауы бар. Шектеулі сұраныс жағдайында «исламдық терезе» тиімсіз болып, банк үшін қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Заң банктерді «реттеу» және «қадағалау» деген екі ұғымның аражігін ажыратпайды. Реттеу термині ережелерді бекіту дегенді білдіреді. Қаржы мекемелері соны негізге алып жұмыс істейді. Қадағалау

термині заң мен ереженің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында реттелетін қаржы мекемелеріне мониторинг пен тексеріс жүргізуді аңғартады. Банктер туралы жаңа заңда басы артық процедуралық және егжей-тегжейлі көрсетілген ережелер алынып тасталуы тиіс деп ойлаймыз. Ол жерде тек банктердің қызметін реттеу мен қадағалаудың жалпы ережелері мен қағидаттарын, жауапкершілікті бөлуді сипаттайтын жоғары деңгейдегі ережелер ғана болуы керек» деп мәлімдейді «Halyk Finance».

Экономист Расул Рысмамбетовтің айтуынша, кез келген жаңа заң 30 жыл бұрынғы заңнан міндетті түрде жақсы болады.

«Жаңа заңда лицензия беру тәртібін өзгертпекші екен. Бізде көптеген микроқаржы ұйымы банкке айналғысы келеді. Бір жағынан, ол үшін оларда ақша жетпейді. Екінші жағынан, микроқаржы нарығын реттеу үшін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен МҚҰ-лар арасында түсініспеушілік бар. Меніңше, лицензияның базалық және әмбебап деп бөлінуі сападағы реттеуді жақсартады. Базалық лицензия алатын ұйымдарды үшінші деңгейлі банктер деп атауға да болатын шығар. Жүйе осындай күрделі әрі нақты болған сайын жұмыс та нәтижелі болады, азаматтардың сенімі де жоғарылайды» дейді. Соңғы 10 жылда банктер саны 38-ден 21 банкке дейін қысқарды. Оның 8-і шетелдік банктердің еншілес банкі. Бизнеске кредит беруді бірнеше ірі банк қана жүзеге асырады. Консультативтік құжатты талқылау 14 қаңтарға дейін жалғасады. Аружан МӘУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

АЙМАҚ

62 ЖАҢА КООПЕРАТИВ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Республика бойынша ауыл шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнімнің 13 пайызы Түркістан облысына тиесілі.



Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласын дамыту, осы бағытта инвестиция тарту, терең өңдеу ісін ширатып, су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары күшейтіледі. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері қаралған мәжілісте Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жауапты басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне нақты міндеттер жүктеді. Бекітілген индикаторды орындамаған басшыларға сын-ескертеп айтып, жұмысты күшейтуді тапсырды.

– Түркістан облысы үшін ауыл шаруашылығы саласы өте маңызды. Осы бағытта жұмысты күшейтуіміз керек. Әрбір ауданның ерекшелігіне сай шаруашылықты дамытып, жобалар жасап, өнімділікті арттыру қажет. Ет, сүт өндіру, инвестиция тарту көрсеткіштері төмендеген аудандар осы мәселеге назар аударсын. Аудан, қала әкімдері ауыл шаруашылығына, кәсіпкерлікке жауапты басқармалармен бірлесіп, инвестиция тарту жұмысын күшейтсін. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстарымыз жалғасады, – деді Нұралхан Көшеров.

Облыс әкімі жауаптыларға көлемгі дала жұмыстарын сапалы

ұйымдастыру, шаруаларды жеңілдетілген жанар-жағармай және тұқыммен қамтамасыз ету, инвестиция тарту жөнінде тапсырмалар берді. Түркістан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Әлібек Плаловтың айтуынша, аймақта ауыл шаруашылығында өндірілген жалпы өнім көлемі 1 трлн теңгеден асқан. Республикадағы ауыл шаруашылығы өнімінің 13 пайызын өндіретін Түркістан облысы бұл көрсеткіш бойынша бірінші орында тұр. Агроөнеркәсіп кешенінің негізгі капиталына 146,1 млрд теңге тартылған. Бұл көрсеткіш бойынша өңір республикада екінші орынға тұрақтаған.

Облыста ауыл шаруашылығы саласын 7 бағыт бойынша дамыту жоспары бекітілген. Біріншіден, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру көзделген. Егіс көлемі 37 мың гектарға артып, 906,2 мың гектарды құрайды деп күтілуде. Екіншіден, мақта-тоқыма кластерін құру жұмыстары жалғасады. Үшіншіден, су үнемдеу технологияларын өндіру жұмысы жалғасып, жаңадан 47 мың гектарға өндіріледі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы техникалары паркі жаңартылады. Салаға жалпы құны 155 млрд теңге тартылып, 35 жоба іске асырылады. Оның ішінде 7 қайта өңдеу кәсіпорны ашылады. «Ауыл аманаты» жобасын кооперацияға бағдарлау шарасы жалғасады. 2025 жылдың алғашқы кезеңіне 7,4 млрд теңге бөлініп, жаңадан 62 кооператив құрылады деп жоспарланған. Сондай-ақ, облыста су нысандарын қалпына келтіру жұмыстары да жүргізіледі.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



БІЛІМ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Көкшетау қаласында алғашқы «Жайлы мектеп» есігін айқара ашты. Қысқы демалыстан шыққан оқушылар үшінші тоқсанның алғашқы күнінде жаңа мектепте білім алатын болды.

1500 орындық жаңа мектепте 60 оқу кабинеті, физика, химия және биология пәндеріне арналған арнайы зертханалар, IT кабинеттері бар. Балалардың жан-жақты дамуы үшін 4 кең спорт залы, кітапхана, оқу залы және 324 орындық көрермендер залы қарастырылған. Мектеп ғимараты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға бейімделген, мектеп пандустармен, жеделсатылармен және түзету сабақтарына арналған кабинеттермен жабдықталған. Бірінші қабатта 375 орындық асхана орналасыпты.

Жайлы мектепті қоғам белсенділері және БАҚ өкілдерімен бірге облыс әкімі Марат Ахметжанов та аралап көрді. Педагогикалық құраммен кездесу барысында облыс әкімі мұндай заманауи мектептердің ашылуы ел болашағына бағытталған үлкен инвестиция екенін атап өтті.

«Бұл мектеп балаларға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың шығармашылық, спорттық және

тұлғалық дамуына мол мүмкіндік ашады», – деді облыс әкімі.

«Біз IT лицейден осы мектепке жаңа білім мен тәжірибе алу үшін ауыстық. Ұлым 3 сыныпта оқиды. Ата-ана ретінде біз өз тарапымыздан заманауи, білімді қазақстандықтарды тәрбиелеуде мектепке көмектесуге дайынбыз», – деп атап өтті аналар комитетінің өкілі Гүлжан Жақыпова.

Оқушылар мен ата-аналар үшін қолайлы болу мақсатында 9 қаңтардан бастап №6 және №10 қалалық автобус маршруттары ұзартылады. Қоғамдық көлік аялдамасы енді жаңа мектептің алдында орналасқан.

Айта кетейік, Президент тапсырмасы аясында Ақмола облысында жалпы сыйымдылығы 12200 орындық 9 «Жайлы мектеп» салына бастаған. Оның жетекуі Целиноград ауданында, ай екеуі облыс орталығында орналасқан.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



ҚАДАҒАЛАУ

МЕЖЕ ЖОҒАРЫ, ТАЛАП БИІК

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков қаланың әлеуметтік нысандарымен танысты.



Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қаланы аралау барысында Абай ауданында орналасқан «Хадиша» медициналық орталығының жұмысымен танысты. Биылдан бастап бұл орталықта халыққа шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсетіле бастаған.

Көпсалалы клиника заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған және орталықта жақын маңдағы 18 емхана бекітілген. Медициналық мекемелерде 400 мыңнан астам тұрғын тіркелген. Бұл халыққа кең көлемді медициналық қызметтерді алуға мүмкіндік береді. Қала әкімі клиника басшылығына дәрігерлердің білік-

тілігін тұрақты түрде арттырып отырудың және сапалы медициналық көмек көрсетудің маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, «Нұршуақ» шағынауданында салынған №149 жалпы орта мектептің оқу үдерісін ұйымдастыру барысын тексерді. 2000 орынға лайықталған бұл жайлы мектеп жыл қарсаңында ашылған еді. Тексеру барысында қала басшысы жауапты тұлғаларға мектептегі тамақтану сапасын және санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау жұмысын күшейтуді тапсырды.

Әкім бұдан бөлек, Тұран аудан-

дындағы «Business Kids-Учас» халықаралық балалар академиясында болды. Бұл оқу орнында балаларға ерте жастан бастап кәсіпкерлік негіздері мен бағдарламалау сабақтары үйретіледі, сондай-ақ жеке түзету-педагогикалық оңалту жүргізіледі. Білім басқармасының басшылығына осы мекемеге мемлекеттік қолдау шаралары аясында көмек көрсету мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Тағы бір айтып өтерлігі, әкім «Орталық су-спорты кешені» МКҚК ғимаратының қазіргі жай-күйін қарап шықты. Компания өз міндеттемелерін тиісті деңгейде орындамағандықтан, бұл нысан өткен жылдың соңында коммуналдық меншікке қайтарылған болатын. Дене шынықтыру және спорт басқармасына биыл кешенді күрделі жөндеуден өткізу туралы тапсырма берілді.

Сапар соңында Керімше көшесін ұзарту жобасымен, «AVENUE-32» көпқабатты тұрғын үй кешенінің құрылысы барысымен және Жандосов көшесін Қонаев даңғылынан Шаймерденов көшесіне дейін қосу жобасымен танысты. Бұл жобалардың жүзеге асырылуы көлік қозғалысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

